**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі N 246-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) екі ай мерзімде "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 3 қыркүйектегі
N 246 өкімімен бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдау қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

---

Р/с|Нормативтік құқықтық|Кесімнің нысаны|Орындалу|Әзірлеуге жауапты
N | кесімнің атауы | |мерзімі |мемлекеттік орган

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларына жобаларын әзірлеу | | | |
| 1. | "Қазақстан Республи. касы Кедендік бақылау агенттігінің мәселе. лері" туралы Қазақ. стан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі N 981 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Рес. публикасының Үкіметі қаулысының жобасы | 2004 жылғы қазан | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| 2. | "Қазақстан Республи. касы Кедендік бақылау агенттігінің "Семей" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Қордай" кедені", "Қазақстан Республи. касы Кедендік бақылау агенттігінің "Бейнеу" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Өскемен" кедені" мемлекеттік мекеме. лерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 маусымдағы N 688 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Рес. публикасының Үкіметі қаулы. сының жобасы | 2004 жылғы қазан | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің кеден органын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық органын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 469 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | 2004 жылғы қазан | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |
| | Қазақстан Республикасының ведомстволық нормативтік құқықтық кесімін әзірлеу және бекіту | | | |
| 4. | "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 145 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Бұйрық | 2004 жылғы қазан | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК